**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

**№1 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

**Түркістан қаласы** **29 тамыз 2024 жыл**
Сағат – 11:00 Бейсенбі
**Сенат залы**
**Қатысқандар:** Сенат мүшелері

**Күн тәртібінде:**

**3. Әртүрлі мәселелер:**

**3.1** Университет ОПҚ-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (Баяндамашы: Сенат хатшысы*, регламент 5 минут)*

**3.1.2** «Биология» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы Исаев Ғани Исаұлының 10400 – «Жер туралы және қоршаған ортаны қорғау ғылымдары» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

*Қаралды:*

Сенат «Биология» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы Исаев Ғани Исаұлының 10400 – «Жер туралы және қоршаған ортаны қорғау ғылымдары» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберу туралы мәселесін қарады.

Сенат хатшысы А.Куралбаева Исаев Ғани Исаұлының 10400 – «Жер туралы және қоршаған ортаны қорғау ғылымдары» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынған құжаттары мен ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

*А.Куралбаева:* «Исаев Ғани Исаұлы университетте 2007 жылдан бері қызмет етіп келе жатыр, жалпы жұмыс өтілі 17 жыл, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 17 жыл. 2010 жылы техника ғылымдарының кандидаты (14 жыл), 2013 жылдан университет қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы (11 жыл) қызметінде, 2014-2017 жылдарыда Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі, факультет деканы, әкімшілік шаруашылық істер және ғылыми істер жөніндегі проректор қызметтерін атқарған. 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетте «Биология» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруда.

*Шығып сөйлегендер:*

Сенат мүшесі, Жаратылыстану ғылымдары факультетінің профессоры техн.ғ.д., Туртабаев Сарсенбек Койшабаевич сөз алып, «Биология» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушысы Исаев Ғани Исаұлының 10400 – «Жер туралы және қоршаған ортаны қорғау ғылымдары» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінің қолдау білдіргенін айтып өтті:

Исаев Ғани Исаұлы осы университетте 2007 жылдан бері қызмет істеп келеді. Университетте ғалым-педагог ретінде, түрлі қоғамдық ұйымдардың мүшесі ретінде өз ісін жоғары деңгейде атқарады. «ҚР Білім және ғылым министрлігі ғылым комитеті» ММ атынан оператор – «Ғылым қоры» Акционерлік қоғамының ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант ұсыну туралы 2018 жылдың 24 желтоқсандағы №376 келісім-шартының негізінде «ХҚТУ ботаникалық бағының базасында Оңтүстік Қазақстанның қуаңшылық жағдайына бейімделген, күйзеліске төзімді сәндік өсімдіктерді жеделдете өсіру» тақырыбындағы гранттық жобаның жетекші ғылыми қызметкері. «2018 жылдың ЖОО-ның Үздік оқытушысы» грантының иегері, 2014-2017 жылдарыда Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі, факультет деканы, әкімшілік шаруашылық істері және ғылыми істер жөніндегі проректор қызметтерін абыроймен атқарған.

Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Исаев Ғани Исаұлы қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға лайықты деп есептеймін және ұсынысты қолдаймын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**

**3.1.2** «Биология» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы Исаев Ғани Исаұлының аттестаттау ісі 10400 – «Жер туралы және қоршаған ортаны қорғау ғылымдары» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі ұсынылсын *(Жауапты: Сенат хатшысы Куралбаева Алия Ахметкаримовна).*

**Сенат төрайымы** **Ж.Темирбекова**
**Сенат хатшысы** **А.Куралбаева**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
СЕНАТЫ
Хаттамадан көшірме дұрыс
Сенат хатшысы
«02» 09 2024 ж

**А.Куралбаева**